



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№29 (833) Сәрсенбі 19 шілде 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## ӨНІРДЕ 27 МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН САЛЫНАДЫ



Үкімет отырысынан соң Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Ұлттық жоба аясында Сыр өңірінде 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік

акушерлік бекет, 1 медициналық бекет салынады. Оның ішінде 16 нысан биылға, 11 нысан алдағы жылға жоспарланған. Қазір биылға жоспарланған 14 нысанның мердігері анықталды. Қалған 1 дәрігерлік амбулатория құрылысының мердігері порталдағы техникалық ақау

салдарынан анықталмаған. Аймақ басшысы облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасына «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамымен бірлесіп, веб-порталдағы қателіктерді жойып, шілденің 20-на дейін мердігер мекемені анықтауды тапсырды.

Мердігері белгілі 14 нысандағы құрылыс жұмыстарының сапалы жүргізілуі мен мерзімінде орындалуын облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы бақылау жөніндегі басқармасымен бірлесіп қамтамасыз етуі тиіс. Бір медициналық пункт құрылысы бойынша 96,1 млн теңгеге ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне бюджеттік өтінім ұсынылған. Алайда бүгінге дейін қаржысы республикалық бюджеттен нақтыланбаған. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына министрлікпен тиісті жұмыстар жүргізу, алдағы жылға жоспарланған 11 нысан құрылысының жоба-сметалық құжаттамасын әзірледі аяқтау тапсырылды. Сондай-ақ 2025 жылға қарай Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған ауданаралық ауруханаларын көпбейінді ауданаралық аурухана деңгейіне жеткізу жұмыстары бойынша мемлекеттік сараптамаға енгізілген жобалар қыркүйек айының соңына дейін аяқталуы тиіс.

«Ел тілегі» ақпарат



## ҚАЗАЛЫ: ҚАРҚЫН ҮДЕМЕСЕ, КЕМІГЕН ЖОҚ

Облыстық «Үлгілі елді мекен» байқауында жүлделілер қатарынан көрінген Қазалы ауданында 78 мыңға жуық халық бар. Биылғы жылдың жартысын еңсерген аудан тіршілігінің даму қарқыны жоғары. Жағымды жаңалық көп.

Иә, құрылғанына 95 жыл болған ауданның тарихы ілгеріде. Қала статусы бар Қазалының іргетасы 1853 жылы қаланды. Ал орта ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент – облыс аумағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштердің ең көрнектісі. Шығысында Қармақшы ауданымен, оңтүстігінде Өзбекстан мемлекетімен, батысында айдынды Арал, солтүстігінде Қарағандымен шектесетін Қазалы егін және мал шаруашылығымен айналысады. «РЗА» АҚ, «Сыр маржаны», «Жалантөс батыр» ЖШС мен «Ақмаржан», «Мерей» сияқты көптеген шаруа қожалықтары табысты жұмыс істеуде.

Мемлекет қолдауымен атакәсіппен айналысқандардың жобалары қаржыландырылған. «Агробизнес», «Іскер» мемлекеттік бағдарламасымен 22 шаруашылық барлығы 110,4 млн теңге несиеге 226 бас мал сатып алынды. Ал былтыр мал басын көбейтіп жүрген қожалықтарға 941,9 млн теңге субсидия берілген.

Жалпы жыл басынан бері 6 шет мемлекетке 450 тоннаға жуық күріш, 341 тонна балық және 570 тонна қамыс экспортталған. Оған қосымша биыл аудан орталығында «Жанкент-Агро» серіктестігінің күріш өңдеу зауыты іске қосылады деп жоспарлануда. Онда ішкі өнім көбейіп, жұмыс көзі ашылады әрі экспорттың да әлеуеті арпай ма?!

### Құрылысқа дем берген

Ауданда білім мен спорт саласына жеке инвестиция тарту жұмыстары артқан. Мысалы, Әйтеке би кентіне жеке қаражат есебінен спорт кешені, Қ.Пірімов ауылында 95, ал Ақтан батыр ауылында 90 орындық балабақша салынады. Сонымен қатар, аудан орталығында аз қамтамасыз етілген отбасылар үшін 50 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы да басталады. Бұған бюджеттен 480 млн теңге қаржы бөлінген. Әйтеке би кентінде 250 орындық мектеп құрылысы және «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылынан 300 орындық мектеп құрылысы басталады. Бұдан бөлек, «Ауыл – ел бесігі» жобасымен Қ.Пірімов ауылындағы мектепті күрделі жөндеу үшін бюджеттен 208 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

Қазалыда өткен жылы өтпелі құрылыстардан бөлек, биыл 8 жоба бар. Бұған 3 млрд теңге қаралған. Жаңадан басталған ғимараттың көбісі елді мекендерде салынуда. Бозкөл, Абай, Кәукей ауылында дәрігерлік амбулатория, Жанқожа батыр ауылында 300 орындық мектеп, Әйтеке би кентіндегі көлемі 180 гектар жер учаскесіндегі тұрғын үйлерге сервистік ауызсу желісін тарту және Ф.Мұратбаев ауылынан жаңадан ашылған кварталды инженерлік инфрақұрылыммен қамту жұмысы жүрмек. Ал былтыр Қазалы қаласы мен үш ауылды «көгілдір отынға» қосқан құрылыс қуанышы биыл Абай елді мекенінде жалғасады. Газ желісінің құрылысын бастау үшін бюджет есебінен 41,1 млн теңге бөлінген.

### Ауыл шаруашылығында алуан іс бар

Елді мекен арасындағы жолды жөндеу, күтіп ұстау маңызды. Биыл да бюджет қаражатымен аудандық маңыздағы автожолдарды жөндеу үшін 3 жобаға 1,2 млрд және жалпы ұзындығы 30 шақырым болатын 52 көшені жөндеуге 1,1 млрд теңге қаралыпты. Мысалы, аудандық маңызы бар Ф.Мұратбаев ауылына кіреберіс, «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей», «Қожабақы-Бекарыстан би» бағытындағы автомобиль жолы түзелмек. Ал жалпы құны 3 млрд теңге болатын «Бозкөл-Тасарық», «Бекарыстан би-Шөмішкөл», «Қазалы-Коларық-Бекарыстан би-Жанқұрылыс» және Лакалы мен Жанқожа ауылына кіреберіс жолдарды жөндеуге бюджеттік өтінім берілген. Бұдан бөлек, «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде аудан орталығы Әйтеке би кенті, Ү.Түктібаев және Ф.Мұратбаев елді мекенінде қоспалар жөндеуді, одан 670 млн теңгеден астам қаржы қаралған.

## ҚЫЗЫЛОРДАДА «ЖАСТАРҒА – ЖҰМЫС» АТТЫ БОС ОРЫН ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ

Сыр бойындағы бас қалада «Жастарға – жұмыс» атты бос жұмыс орындары жәрмөңкесі өткізілді. Жәрмөңке жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мақсатында ұйымдастырылды. Ол азаматтардың біліктілігіне сәйкес жұмысқа орналасуына ықпал жасауды қарастырды. Шара сондай-ақ студент жастардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға,

еңбекке баулу арқылы маусымдық жұмыстарға тартуға арналды. Биылғы оқу жылында облыс көлемінде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің өзінен барлығы 5624 жас маман шығады. Сондықтан жастардың жұмысқа орналасуы, мемлекеттік бағдарламалар арқылы алғашқы тәжірибелерін жинақтаулары үшін «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыс» секілді

бағдарламалар жөнінде ақпарат ұсынылды. Жәрмөңке аясында 20-дан астам мекеме мен кәсіпорыннан түскен 150 бос жұмыс орнына сұраныс бойынша іріктеу жүргізілді. Шараға барлығы 192 азамат қатысты. Олардың 52-сі кеңес алды, 27-сіне сұхбаттасуға жолдама берілді, 18 адам тікелей жұмысқа орналасатын болды, ал 7 талапкер маусымдық жұмысқа тартылды.

## АУДАН ӘКІМІ ЕГІС АЛҚАПТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаев ауданға қарасты Жетікөл ауылында жаңадан ашылған егіс алқаптарының жұмыстарымен танысты.

Өткен жылы хабарлағанымыздай облыстық бюджеттен аудандағы Жыңғылдыкөл, Хозцентр, Военпорт каналдарын механикалық тазарту жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде, Жетікөл ауылына Тәуелсіздік алған жылдан кейін аяқ су алғаш рет келген еді. Ал «Жетікөл Жері» ЖШС-і күздік дала жұмыстарын жүргізу және егін егу жұмыстарын бастаған болатын.

Міне, биыл дихандардың еңбегі мен күш-жігерінің

нәтижесінде 500 гектар жер ашылып, егіс алқаптары дайындалды. 80 гектарға күріш, 100 гектарға күнбағыс және 2 гектарға картоп, 4 гектарға көкөніс, 14 гектарға бақша дақылдары орналастырылды. 100 гектар жерге егілген күнбағыс дақылына серіктестік өз қаражат есебінен 40,0 млн теңгені құрайтын қондырғы сатып алып, жаңбырлатып суару әдісін қолдануда. Жергілікті жердің 12 адамы жұмыспен қамтылды. Шаруалар мұнымен

тоқтап қалмайтындарын, алдағы уақытта жаңа жерлерді ашып, егіс алқабын кеңейтетіндерін жеткізуде.

Еселі еңбектеріңіз көзге көрініп тұр. Бұл жерге аяқ су келмегеніне 30 жылдан асқан еді. Мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесімен, аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың қолдауымен егіс даласына су жеткізілді. Биыл егін алғаш егіс басталды. Бұл үлкен жетістік. Еңбектеріңіз еселене берсін. Қамбамыз дөңге толсын. Сіздерге елге жасаған зор еңбектеріңіз үшін ерекше алғыс білдіремін, – деді аудан әкімі Берік Әбдіғаппарұлы шаруалармен кездесуде.

Жалпы биылғы жылы Сырдария ауданында 36043 гектарға ауыл шаруашылығы

дақылдары орналастырылды. Оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 23500 гектар, қаздық бидай 1723 гектар, арпа 15 гектар, мақсары 180 гектар, күнбағыс 100 гектар, жаңа жоңышқа 1846 гектар, ескі жоңышқа 7200 гектар, және картоп, көкөніс, бақша 1168 гектарды (картоп-508 га, көкөніс – 240 га, бақша – 420 га) құрайды. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғындардың өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында шаруашылық құрылымдары тарапынан ауыл тұрғындары үшін егіс алқаптарынан 359 гектар қосымша жерлер ашылып, 1105 отбасыға бөлініп берілді.

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ӘНШІ «СЛАВЯН БАЗАРЫНДА» ҮШІНШІ БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛДІ

Беларусьтің Витебск қаласында өз мәресіне жеткен «Славян базары» халықаралық өнер фестивалінде қызылордалық өнші Құралай Мейрамбек жүлдегер атанды. Достарымен бірге фестиваль осымен өзінің XXXII-ші маусымын аяқтап отыр. Өнер байқауында Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты «Амангелді» ауылының тумасы Құралай Мейрамбек ерекше көзге түсті. Ол сайыс қорытындысында өзбекстандық әріптесі Малика Хакимовамен бірге үшінші орынға көтерілді. Осыған орай екі әншінің әрбіріне \$2 500 көлемінде сыйақы берілді. Еске сала кетейік, қызылордалық өнші конкурста белорустың «Рэчанька» атты халық әнін орындап, көрермендер мен қазылар алқасының жылы ықыласына бөленген еді. Оның қобыздың сүйемелдеуімен айтқан әні де жұртқа айрықша



әсер қалдырды. Сондықтан Витебск облыстық «Витебские вести» газеті «Жас әншілердің «Витебск-2023» эстрадалық әндерді орындау халықаралық конкурсының бірінші күнінен кейін Құралай Мейрамбек топ бастады» деп атап көрсетті. «Қазақстанның өкілі белорустың

«Рэчанька» атты халық әнін орындағаны үшін бәріннен жоғары – 69 балл алды. Италиян Джорджия Папасидеро одан – бір балл, Өзбекстанның өкілі Малика Хакимова – екі балл, ал армян Маша Миджоян үш балл төмен болды. Белорус Самир Елчиев бірінші шыққанында Владимир

Мулявиннің «Чырвоная ружа» әнін орындап, жюридің 65 балын жинады», – деп жазды басылым.

«Зеркало» ресурсының хабарлауынша, фестивальдің бас жүлдесі – Гран-приді «Витебск» деген эстрадалық әнді шырқаған армян әншісі Маша Миджоян жеңіп алған. Ал бірінші жүлденің иегері ретінде беларусьтік ұлты әзербайжан орындаушы Самир Елчиев танылды. Екінші орынды ресейлік Елизавета Слышкина мен италиян Агаре өзара бөлісті, олардың әрбіріне ауқымды ақшалай қолдау жасалды.

Жалпы, «Славян базарына» қазақ әншілері ұдайы қатысып келеді. Соның ішінде біздің аты әлемге танымал атақты өнер жұлдызымыз Димаш (Дінмұхаммед) Құдайбергелінің де жолы осы фестивальде лауреат атанудан басталған еді.

«Ел тілегі» ақпарат

## Қызылорданың Орталық алаңы абаттандырылады



Қызылорда қаласында биыл абаттандыру және көркейту шараларына ерекше мән беріліп отыр. Соның бір айғағы, бүгінде облыс орталығында демалыс орындары көбеюде. Бұл бағыттағы жұмыстар қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге

асырылуда. Сондай игілікті істердің бірі – орталық алаңда бастау алды. Яғни, «Қызылорда қаласындағы Әйтеке би көшесін Желтоқсан көшесінен Ахмет Байтұрсынұв көшесіне дейін, Ыбырай Жахаев көшесін Әйтеке би көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейін

абаттандыру» жобасына орай жұмыстарына кірісіп те кетті. Құрылыс жұмыстарын мердігер мекеме «Техностака-ремсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестік жүргізбек.

Жоба бойынша субұрқақтары аумағына брусчатқалар, жолжик тастар орнатылады. Жарық диодты шамдар қойылып, газондар, көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылатын болады. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішімдемелер орналастырылады. Мұнда жаяу жүргінші жолы, жана үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары және балалар ойын алаңы да қойылады деп жоспарланып отыр. Ыбырай Жахаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылады. Осылайша шаһар келбеті көріктен бермек.

## АРАМСОЯУ (САРЫШЫРМАУЫҚ)

**Арамсоюу**  
-шырмауықтар тұқымдасы, қос жарнақтылар класына жататын біржылдық өсімдік. Бұталы және мәдени өсімдіктерді зақымдайтын қауіпті паразитті зиянкес, карантиндік арамшоу.

«Арамсоюу» (сарышырмауық) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №4-А/282 бұйрығымен белгіленген « Әттеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін және аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін» енгізілген. Тұқым арқылы және вегетативтік түрде жайылып өсірілетін алқаптарын және мәдени өсімдіктерді

жаппай басып қалады. Сабағы жіп немесе бау тәрізді, сары, жасыл-сарғыш түсті болады. Арамшоу иелерін шырмал, сору арқылы шырғандармен қоректенеді. Гүлдері майда (2-7 мм), ақшыл, қызғылт, жасыл, түсті, домалақ пішінді. Тұқымы бірнеше жылдар бойы өңіштігін жоғалтпайды. Егер тұқымы жақсы толық жетілген болса, көзбен көру арқылы басқа тұқымдардан оңай ажыратуға болады.

Арамсоюлар мәдени өсімдіктердің зағ алмасуын тежейді, өйткені олар органикалық және бейорганикалық қоректік заттарын сорып, әлсіретеді. Арамсоюмен зақымдалған өсімдіктердің пішіндері көгеріп, құнарлылығын жоғалтады, оны жеген жануарлар уланып, ауыратын болады.

Арамшоу анықталған жағдайда, жою үшін агротехникалық шаралар (түбімен жүлу, ору, шабу) атқару, сонымен қатар

зиянкестің таралуын тоқтату мақсатында түрлі препараттармен химиялық сарғыш түсті болады. Арамшоу иелерін шырмал, сору арқылы шырғандармен қоректенеді. Гүлдері майда (2-7 мм), ақшыл, қызғылт, жасыл, түсті, домалақ пішінді. Тұқымы бірнеше жылдар бойы өңіштігін жоғалтпайды. Егер тұқымы жақсы толық жетілген болса, көзбен көру арқылы басқа тұқымдардан оңай ажыратуға болады.

Осыған байланысты, сарышырмауық карантиндік зиянкестің таралуын өзіндік бақшаныңдан, аула алдынан, жұмыс орны манайынан байқасаңыз, таралуын болдырмау шараларын атқару маңызды. Осылайша қаламыздың, аймақтың экологиялық ахуалын жақсартуға өз үлесіңізді қосыңыз!

**Е. АБИШЕВА,**  
**ҚР АШМ АӨК МИК-**  
**нің Қызылорда қалалық**  
**аумақтық инспекциясының**  
**бас маман - өсімдіктер**  
**карантині жөніндегі**  
**инспекторы**

## ҰЗАҚ ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҮШІН АУДАРУҒА МІНДЕТТІ МЕ?

**Ұзақ еңбек демалысы кезеңінде медициналық сақтандыру үшін аударуға міндетті ме? Егер кәсіпкердің табысы болмаса МӘМС жүйесіне төлеуге керек бе? Оқырмандардың осы және басқа да сұрақтарына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді**

**-2024 жылдан бастап БЖТ болмайды деген ақпарат рас па?**

Бірыңғай жиынтық төлемін алып тастау Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шешімі емес. БЖТ жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін 5 жылға (2019 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін) уақытша енгізілген еді әрі оны тек басқа жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін сататын және қызметтер көрсететін жылдық табысы 1175 айлық есептік көрсеткіштен аспаса төлей алады. 2024 жылы сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе дербес төлеуші ретінде жарна төлейді. Егер БЖТ төлеушілердің өткен 1 жылға төлемі болса, 2024 жылдан бастап әр ай сайын дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады (2023 жылы – 3 500 теңге). Азаматтардың сақтандырылған мәртебесі болуы үшін, МӘМС туралы заңға сәйкес, 12 айға төлемі болуға тиіс.

**-Ресми түрде жұмыссыз, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеке ұйымдардың бірінде уақытша жұмыс істеймін. Жұмыс беруші мен үшін МӘМС аударымдары мен жарналарын төлеуі керек пе?**

«МӘМС туралы» Заңның 26-бабына сәйкес азаматтардың 15 жылдық санатына жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар кіреді. Бірақ егер Сіз жұмысқа тұрып

қызметкер болсаңыз, онда Заңның 14-бабына сәйкес жұмыс беруші Сіз үшін ай сайын МӘМС-ке аударымдар мен жарналарды төлеуге міндетті.

2023 жылы жұмыс берушілердің жұмыскерлер үшін аударымдары 3% - ы құрайды, аударымдардың ең жоғары сомасы 21 000 теңгеден аспауы тиіс. Бұл 10 айлық есептік көрсеткіштің 3% - і болып саналады. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер мен жеке тұлғалардың жарналары 2023 жылы табыстарының 2% құрайды. Жарнаның ең жоғары сомасы 14 000 теңгені құрайды. Бұл 10 айлық есептік көрсеткіштің 2%-і болып саналады.

**-Егер кәсіпкердің табысы болмаса, ол нөлдiк кiрiс тапсырады. Бұл жағдайда қалай болады?**

Егер жеке кәсіпкер нөлдiк декларацияны тапсырса, ол өзі үшін жарналарды төлеуге міндетті, себебі мемлекеттік кіріс органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұр. «МӘМС туралы» Заңның 28-бабының 5-тармағына сәйкес ЖК, ШҚ иелерінің, жеке практикамен айналысатын адамдардың ай сайынғы төлем мөлшері 2023 жылы 4900 теңгені (1,4 ЕТЖ-дан 5%) құрайды. «МӘМС туралы» Заңның 31-бабына, 1-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер төлем жасамаған жағдайда төлем жасалған күнді

қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген соманың 1,25% мөлшерінде айыппұл салынады. Егер жеке кәсіпкер, оның қызметкерлері зейнеткерлер, студенттер, мүгедектер, көп балалы аналар, тиісті марапаттары бар болса, өзі және жұмыскерлері үшін жарна төлемейді. Барлық басқа жағдайларда, тіпті ЖК басқа жеңілдікті санаттарға кіретін болса да, жарналарды төлеу қажет. Тиісінше, егер жеке кәсіпкер салық органдарымен қызметін және салық есептілігін тоқтатқан болса, жұмыс істемесе және кіріс ала алмаса, бірақ сонымен бірге жеке тұлға бола тұра, үш жасқа толғанға дейін бала күту немесе бала күтімі бойынша демалыста болса, онда бұл адам міндетті медициналық сақтандыру үшін жарна төлеуден босатылады.

**-Ресми түрде жұмыс істейтін адам 56 күндік ұзақ демалысқа шықты. «Сақтандыру» мәртебесін сақтап қалу үшін МӘМС-ке жарнаны қалай төлейді?**

Сіздің жұмыс берушіңіз міндетті медициналық сақтандыру төлемдерін аударып беруге міндетті. Егер демалыс бірнеше кезеңді (бір айдан астам) қамтитын болса, онда міндетті медициналық сақтандыру төлемдерін кезеңдерге бөлуі тиіс. Мысалы, сіз тамыз және қыркүйек айларында демалыста болды делік. Бұл жағдайда есепші төлемдерді бір сомада есеп, екі түрлі кезеңге (тамыз және қыркүйек) есептеуі керек.

Егер сізде қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, сіз емхананың анықтама қызметіне немесе өзінше ыңғайлы байланыс арнасы арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жүгіне аласыз: fms.kz ресми сайты, 1414 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqlandyruBot.

**-Сұхбаттыңызға рақмет!**

## БРУЦЕЛЛЕЗБЕН МАЛДАР ҚАЛАЙ АУЫРАДЫ ЖӘНЕ АДАМҒА ҚАЛАЙ ЖҰҒАДЫ?

**Бруцеллез микробтары тек мал мен адам организмінде ғана емес, сондай-ақ толып жатқан жабайы хайуандарда, аңдарда, тышқандарда кездеседі.**

Алайда бруцеллез адамға көбінесе малдан жұғады. Өйткені адамның көбірек араласатыны мал ғой. Бруцеллез адамға малдан қалай жұғады деген сұраққа жауап бермес бұрын бруцеллезбен ауырып малды қалай білуге болады, оның белгілері бар ма, бар болса, қандай? – деген сұраққа жауап беріп көрейік. Бруцеллез ауруы малдың әр түрінде түрліше білінуі мүмкін. Сныр мен бұқада бруцеллез ауруының белгілері көбінесе байқалмай, елеусіз өтуі де мүмкін.

Мұндай жағдайда малдың ауырып-ауырмағандығын тек ветеринариялық зертхана әдістерімен ғана білуге болады. Ал кей жағдайда аурудың аздап болса да сезілуі ықтимал. Ондай снырдың немесе бұқаның буындары ісініп, аздап ақсанып қалады. Бруцеллездің ең ауыр асқынған және қауіпті кезеңі 5-7 айлық буаз сныр іш тастайды. Соның салдарынан ол сныр жыл сайын қысыр қалатын болады. Адамға бруцеллездің жұғуына көбінесе ауру қой мен ешкі себеп болады. Ірі қара малдың бруцеллезді снықты қой мен ешкіде де бруцеллез көбінесе байқалмай, белгі бермей жүре беруі мүмкін.

Ауру деп сезіктенген малды үнемі бақылап отырғанда ғана оның ауырып-ауырмағандығын білуге болады. Қой мен ешкідегі бруцеллез ауруының белгісі көбінесе іш тастаудан, өлі төл туудан көрінеді. Кейде ешкі немесе қой сүйек пен буының ауруға шалдығуына байланысты ақсай бастайды. Мұндайда саулық қойдың емшегі, қошқардың жынысы безі ісетін жағдайлар болады.

Жылқыда бұл аурудың салдарынан іш тастау деген болмайды. Оның есесіне жылқының желке, жон еттері қабынып, шықшыты іріндейді, кейде тіпті шірігендей белгі береді. Сондай-ақ ауру жылқының буындары ісініп, ауыратын болғандықтан, тез болдырып, ақсап қала береді. Ғалымдардың айтуынша жылқы малы бруцеллезбен сирек ауырады.

Ал түйелерді алсақ, бұларда да бруцеллез ірі қараның ауырығандай басталады. Тұңғыш боталайтын буаз інген 6-7 айдың арасында іш тастайды. Ауру түйенің буыны ісінетін де кезі болады, бірақ бұл белгі сирек кездеседі. Сонымен, бруцеллез белгілері әр түрлі мал түліктерінде түрліше білінгенімен, бөріне ортақ белгі буаз малдың (сныр, қой, ешкі, түйе) іш тастауы болып табылады. Мал іш тастағанда бөлінетін сұйық заттармен, шүмен, өлі түскен төлмен бірге бруцелла микробтары да қоса шығады.

Сондықтан бруцеллез ауруының жұғуы (80%) сәуір-шілде айларында, яғни көктемгі немесе жазғы мезгілдерде көбірек кездеседі. Демек, малдың іш тастаған жерлеріндегі (жайылым, қора және т.б.) микробтар адамға, сау малға жұғуы өте жоғары болады. Осындай жерлерге мал иесі жергілікті ветеринар мамандарға хабарлап дезинфекция жасатуға міндетті (ҚР АШМ 2015ж. 29.06. №7-1/587 «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар»; Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидалары). Бруцеллез микробтары ауру малдың зәрі, жыны мен қызы арқылы да үнемі шығуына мал жайылымдары мен суаттар, ондағы шөп, топырақ, су, қысқасы, сол аймақтың бәрі де түгел ластануы мүмкін. Ауру малдың терісі, жүні, түбіті арқылы да бруцелланың жұғуы әбден ықтимал. Сондай-ақ ауру снырдың, ешкі мен қойдың сүтінде де микробтар өте көп болады.

Сныр бруцеллезімен адам сирек ауырады. Ал снырлардың қой, ешкі бруцеллезін жұқтыруы өте қауіпті. Егер қой, ешкі малының бруцеллезі адамға жұқса бұл өте қатерлі, адамның ұрпақ әкелмеу мүгедектігіне әкеп соғады. Бруцеллалар адамның организмне тері арқылы, әсіресе дененің терісі сыдырылған, жарылған жерлері арқылы тез

жұғады. Көптеген зерттеушілер тіпті олардың жаракаттанбаған сау теріден өтіп барып жұғатындығын да анықтап берді. Қолды жұмай тамақ ішу, тіпті ауру мал қорасының ішінде темекі тартудың өзі де қауіпті. Қолға қолғап қимей ауру қойды қырыққанда, сондай-ақ жүн түткенде, тері өңдегенде де жұғады. Ауру мал қораларында немесе оның манында жалаң аяқ жүруге болмайды. Ауру малдан туған қозы-лақпен ойнаған балалардың да ауруы мүмкін. Адамға бруцеллездің жұғу қаупін тудыратын, негізінен, ауру малдар, олардан алынатын азық-түліктер, шікізат өнімдері. Ауру малдың етін бұзғанда да бруцеллез ауруын жұқтырып алуға болады. Қоздырғыштар ауру малдың бауырында, көк бауырында, желінінде, сүйек майында көп кездеседі. Сондықтан бұл жағдайларды үнемі есте сақтап, тиісті сақтану шараларын қолданып отыру қажет.

Эпизоотиялық ошақтарда жүргізілген зерттеулер барысында анықталғандай аурудың таралуына көбінесе адам факторлар себеп болуда. Мал иелері тарапынан ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабымен белгіленген міндеттері мен «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларымен» белгіленген талаптардың орындалмауы себептінен жануарлардың аса қауіпті аурулары таралады.

Атап айтқанда, әрбір мал иесі басқа жақтан мал әкелгенде немесе сақтанда жергілікті ветеринар мамандарға ескертпейді, сырттан құжатсыз әкелген малды карантинге қоймай жұқпалы ауруларға қанып алып зерттеместен ауылдың жалпы тәртібінен (отарға) немесе шаруа қожалығының малына қосады. Көбінесе мал иелері ауруға анықталған снырдың бұзауын (қозы, лағын) етке өткізбей алып қалады. Қора-жайға көктемде мал қорадан шығарда және күзде қораға кірерде дезинфекция жұмыстары жүргізілмейді.

Бруцеллезге анықталған малдың уақтылы етке өткізбей, ветеринариялық зертханаға сенімсіздік білдіреді. Айтып кететін маңызды жәйт, ветеринариялық зертханада қан сынамааларына қойылатын бірнеше серологиялық:

агглютинация, комплиментті байланыстыру немесе комплиментті ұзақ байланыстыру, Роз-бенгал сынамасы, иммунды ферментті талдау (ИФТ) реакциялары арқылы ауру жұқтырған малдың қоздырғышы қан сынамаасынан бірден анықталады. Көбінесе мал иелері «малымыз іш тастаған жоқ немесе ауру белгілері жоқ, малымыз сау» — деп ветеринар маманына сенімсіздік білдіруі дұрыс емес.

Аталған реакциялар арқылы қоздырғыш қанға түскен уақыттан бастап, малдың ауру белгілері білінбестен бірден анықталады. Ал іш тастаған малдан қоздырғыштың сыртқы ортаға зәрі, нәжісі, сілекейі арқылы таралуы, басқа малға жұқтыруы өте жоғары болады. Сондай-ақ бруцеллез анықталған ауладағы барлық мал түліктері мен ит, мысық та қоса бруцеллезге зерттеу керек. Өйтпесе ауру қоздырғышы басқа жануардан қайта жұғып ауру кел тарала береді. Ауру мал төлдегенде шұбын немесе өлі туған төлді итке тастағаннан ит арқылы бруцеллез ауруы көрші аулалардағы сау малдарға жұғады. Сондықтан, малдың шұбын немесе өлі туған төлді өртеп жіберу немесе мал қорымына тастау керек.

Бруцелланың әлісіз жақтары да баршылық, әсіресе қатты ыстықтан қорқады. Күннің түбе түскен сәулесінен, қайнағаннан тез өледі. Мысалы, суды 50 градууска дейін қайнатқанда микробтар 1 сағатта, ал 70 градууста 10-15 минутта өледі, ал әбден қайнаған суда олар бірден қырылады. Тамақ арқылы асқазанға барғанда бруцеллез қоздырғыштары асқазан сөлінін әсерінен қырылып қалады. Сондай-ақ улы дезинфекциялық ертіңділердің әсерінен бруцеллалар бірден жойылады.

Қорыта айтқанда, «сақтансаң, сақтаймын дегендей» дер уақытында ветеринариялық мамандар тарапынан тиісті ветеринариялық іс шаралардың атқарылып, мал иелері тарапынан өз міндеттерін жауапкершілікпен орындаған жағдайда бруцеллезді жеңуге болады.

**Жаңақорған аудандық ветеринариялық станциясы мекемесі**

## АИТВ-НЫҢ АНАДАН БАЛАҒА БЕРІЛУІНІҢ АЛДЫН АЛУ

АИТВ – бұл адамның иммундық тапшылығының вирусы. АИТВ ағзаны әртүрлі инфекциялардан қорғайтын иммундық жүйені әлсіретеді. ЖИТС – жұқтырылған иммундық тапшылық синдромы. Иммундық жүйе әлсіреген жағдайда адам әртүрлі, әсіресе инфекциялық (туберкулез және пневмония) ауруларға осал келеді.

Бүгінгі таңда медицинаға АИТВ-ның анандан балаға берілуін алдын алу туралы жеткілікті дәрежеде белгілі. АИТВ-оң әйелдер дені сау, жұқтырылмаған балаларды дүниеге әкеле алады. Алдын алу шараларын жүргізу барысында бұл қауіпті 2% дейін төмендетуге болады. Жүктіліктің бірінші жартысында әйел айына 1 рет, жүктіліктің 20 аптасынан кейін 2 рет, 32 аптадан кейін айына 3-4 рет кенес алып тұруға тиіс. АИТВ-ның анандан балаға берілуі қандай жағдайда жүзеге асуы мүмкін? Жүктілік кезінде жұқтыру.

Жүктілік кезінде ананың қанындағы вирус ұрыққа плацента арқылы өтуі мүмкін. Егер құрсақтың зақымдануы және инфекциялық аурулар жағдайында плацента қабынса немесе зақымданса оның қорғаныш қасиеттері төмендейді. Осы жағдайда АИТВ-инфекциясы анандан балаға берілуі мүмкін. Босану кезінде жұқтыру екі жолмен берілуі мүмкін: Босану каналдарынан өту барысында (жатыр мойныны, қынап) нәрестенің терісі АИТВ бар ананың қанымен және қынап бөлінімінен жанасады.

Нәрестенің терісінде жаракаттар және сыдырылған жөне болса, солар арқылы ағзасына вирус өтуі мүмкін болады. Нәресте босану жолдары арқылы өту кезінде анасының қанын және қынап бөлінімдерін жұтуы мүмкін. Бұл жағдайда вирус баланың ағзасына ауыздың шырышты қабаты, өңеш және асқазан арқылы түсуі ықтимал. Емшекпен емізу кезінде: • Құрамында АИТВ

болғандықтан тікелей сүт арқылы.

• Қан арқылы – егер ананың емшек ұшының терісі жаракаттанған болса, онда сүтпен бірге қан кетуі мүмкін, ал бұл – нәресте үшін қосымша қауіп.

АИТВ-ның анандан балаға берілуінің алдын алу үшін жүргізілетін іс-шаралар:

1. Жүктілікті жоспарлау;  
2. АИТВ-ның перенатальды жұғуының дәрі-дәрмектік алдын алуы 3 кезеңнен тұрады:  
3. АРВ (антиретровирустық) препараттарын жүктілік кезінде қолдану; 14 аптадан ерте басталмайды, себебі ұрық осы уақытқа дейін сырқы әсерлерге өте осал келеді. Егер АИТВ-инфекциясы анағұрлым кеш мерзімде анықталған жағдайда, (диагноз анықталған сәттен бастап) препараттарды қабылдау барына ерте басталады.

4. Босану кезінде АРВ препараттарын қолдану;  
5. АРВ (антиретровирустық) препараттарын болашақ балаға қолдану: бала туылғаннан 6-12 сағат ішінде басталып, 42 күн беріледі.

Егер жүктілік және босану кезінде АРВ терапия жүргізілмесе және нәресте жаңа туылғаннан кейін бірінші тәулікте алдын алу жүргізілмесе, онда кеш бастаудың мәні жоқ. Алдын алу шаралары ойдағыдай нәтиже беру үшін, бала дені сау болып туылуы үшін, дәрі-дәрмекті уақытында қабылдау өте маңызды. Егер бұл тәртіпті бұзатын болса, (дозаны жиі өткізсе, берілген мөлшерден аз қабылдаса немесе препаратты қабылдаудың арақашықтығын сақтамааса) балаға вирустың берілуі қауіпті артады.

6. Нәрестені ана сүтімен тамақтандырудан бас тарту: тұрғылықты жердегі емхана бала 1 жасқа толғанға дейін оны балаларға арналған тегін сүт қоспасымен қамтамасыз етеді.

**Ұлбосын ЖҮСП,**  
**Қазалы филиалы**  
**эпидемиология комекшісі**

## КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС ӨТТІ



**Қорытынды кенеске Қызылорда облыстық сотының төрағасы, алқа төрағалары, судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары қатысты. Кеңес жұмысын облыстық соттың төрағасы Әділхаді Жұмабайұлы Шығамбаев ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, бірінші болып баяндама жасау үшін қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жанат Сақыбайұлы Бекжановқа сөз берді.**

Баяндамашы қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша есепті кезеңде статистикалық мәліметтерге тоқталды. Атап айтқанда ағымдағы жылдың

алты айында облыс соттарына 521 қылмыстық іс түсіп, 630 адамға қатысты 513 қылмыстық іс аяқталса, оның ішінде 394 іспен үкім қабылданған, 73 іс қырқартылған, 3 іс прокурорға

қайтарылған. Ал әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша соттарға 5794 іс түсіп, 5710 іс қаралған.

Келесі болып азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Мұхтар Жүсіпбекұлы Еркінбеков азаматтық істер бойынша баяндап, І жартыжылдықта облыс соттарының өндірісіне 10301 талап қою түсіп, 7672 азаматтық іс аяқталғанын (1962-і оңайлатын іс жүргізу тәртібімен), оның ішінде 4323 іс шешім қабылдаумен, 1006 іс сот бұйрығын шығарумен, 1167 іс татулау рәсімдерімен аяқталғанын атап өтті. Сонымен қатар М.Еркінбеков алдыңғы жылмен салыстырған соттағы татулау рәсімінің артқанын

айтты.

Әкімшілік істер бойынша Қызылорда облысының әкімшілік істер жөніндегі алқа төрағасы Жанат Әнуарқызы Оспанова баяндама жасап, есепті кезеңде облыс соттарына 622 әкімшілік іс қарауға түскенін, 527 іс аяқталып, оның ішінде 117 іс бойынша шешім шығарылғанын, 95 талап қанағаттандырылғанын айтты. Сондай-ақ баяндамашы 120 әкімшілік істің татулау рәсімімен бекітілгенін атап өтті.

Қорытынды жиында Судья әдеби жөніндегі комиссиясының жұмысы туралы облыстық соттың судьясы Клара Бөгенбайқызы Қаниеваның, соттардың баспасөзбен байланыс жұмысы бойынша облыстық соттың судьясы, баспасөз қызметінің үйлестіруші Шолпан Маратқызы Маликованың баяндамалары тыңдалды.

Жиында Қызылорда облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің басшысы Сағатбек Болатбекұлы Сүлеймен соттардың инфрақұрылымын дамыту, сот жұмысын ұйымдастыру мәселелері төңірегінде айтып өтті. Кеңесті қорытындылаған Ә.Шығамбаев, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту бойынша алдағы атқарылатын жұмыстар мен тапсырмаларды айқындады.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

## ПОЛИЦЕЙ ҚЫЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

**14 – 17 шілде күндері Астана қаласында «Beeline Arena» спорт кешенінде ересектер арасында Белбеу күрес спорт түрінен Әлем чемпионаты өтті. Ол сайысқа 10 мемлекеттен 350-ден астам мықты деген спортшылар қатысып, бақтарын сынады.**

Әлемдік долада Қазақстанның намысын қызылордалық полицей қыз қорғады. Қызылорда облысы Полиция департаментінің Жылдам қимылдайтын арнайы жасағы саптық бөлінісінің инспекторы полиция аға лейтенанты Оразбай Арайлым Бахытқызы +76 кг салмақ дәрежесінде бақ сынасты.

Полиция қыз 5 елдің спортшыларымен күресіп, нәтижесінде финалдық кезеңде өзбекстандық қарсыласын аса басымдықпен жеңіп, табандылық пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігер көрсетті. Бұл аламанға қатысқан полицей қыз Арайлым ел намысын абыроймен қорғады. Осылайша, дзюдодан және самбодан спорт шебері, Белбеу күресінен КР спорт шебері полиция аға лейтенанты Оразбай Арайлым Халықаралық спорт шебері атағын иеленді.

Ерлер арасындағы медальдар жиынтығы еркін және классикалық стильде сарапқа салынса, әйелдер тек еркін тәсіл бойынша күреседі. Жарыс қорытындысы бойынша қараша айында Ресейдің Екатеринбург қаласында өтетін әлем кубогында ел намысын қорғайтын ұлттық құрама жасақталады. Айта кетейік, бұл жарыс елімізде төртінші рет өткізілгені отыр. Осыған дейін Астана 2007, 2012, 2017 жылы белбеу күресінен ересектер арасында әлем чемпионатын қабылдаған болатын.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРАЙЫҚ!

Мемлекеттік тіл мәртебесі конституцияда бекітілген, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздар осы тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілді жан-жақты дамыту және оны қолдану аясын (сфера) кеңейту үшін мемлекет тарапынан әрқашан белгілі бір уақытқа жоспарланған жан-жақты бағдарламалар жасалауда.

Мемлекеттік тіл әрдайым мемлекеттің қорғауында және оның қамқорлығында болады. Мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазіргі таңда Президент Әкімшілігінің талабы бойынша, мемлекеттік органдардың құжат айналымындағы қазақ тілінің үлесі 95%-дан кем болмауы тиіс. Яғни, мемлекеттік тілге деген талап күшейтілді. Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің тіл саласындағы уәкілетті орган облыстық соттар арасындағы мемлекеттік тілді қолдану деңгейіне талдау жүргізіп, онда Қызылорда облысының сот жүйесіндегі құжат айналымындағы мемлекеттік тіл үлесі өзге облыстарға қарағанда 85,2% (2022 жылы-80%) төмен көрсеткішті құраған. Бұған себеп,

кейбір квазимемлекеттік сектор, микроқаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктерден сотқа талап арыздар мен хат-хабарлардың басым бөлігі орыс тілінде беріліп, мемлекеттік тіліміздің қолдану көрсеткішінің төмендеуіне әсер еткен. Осы орайда Қармақшы аудандық сотына келіп түсетін хат-хабарлар мен арыздардың мемлекеттік тіліміз-қазақ тілінде жолдануына жұмыс жасау қажеттілігін жеткізу мақсатында сот кенесінің қызметкерлерінің ұйымдастыруымен екінші деңгейлі банктер мен микроқаржылық ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен семинар өткізіліп, тіл мәселесіне қатысты ағалымыш ұйымдарға қосымша хаттар да жолданды.

Қазақ тілі-тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл-ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Яғни, еліміздің әрбір азаматы мемлекеттік тіліміздің қоғамда дамуына, қолдану деңгейінің арттырылуына өз үлестерін қосып, бөделін нығайту баршамыздың міндетті парызымыз деп санаймын.

**Ербол МӘТЖАНОВ, Қармақшы аудандық соты әкімшісінің басшысы**

## ЕРТЕДЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА НЕКЕ БҰЗУ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛГЕН? ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЛАЙ?

**«Отбасы – мемлекеттің тірегі» дегенді жиі естиміз. «Орман-тоғай жап жасыл болып жайқалуы үшін ондағы әрбір терек бұр атуы тиіс» деген сөзді мемлекеттік дәрежеде де мысал етуге болар еді. Яғни, отбасы құндылығы жоғары, шаңырақ татулығы берік сақталатын елдің келешегі бар. «Қазақ қоғамында ерте заманда жастардың екі жаққа кетуі мәселесі қандай болған?» деген сұрақ туындайды. Жалпы бұрынғы заманда ажырасу мәселесі болған ба?**

Дәстүрлі қазақ қоғамында ажырасу өте сирек кездескен. Тіпті ажырасу жоқтың қасы болған. Ертеден атастырып, айттырып, құдаласқан екі рудың арасындағы бітімгерлікпен келген дүние болғандықтан ажырасу мүмкін емес. Қалың мал төлеп, соның есесіне асып түсетін дүние өкелгеннің өзі некенің берік болуына, төленетін материалдық кепілдік болған. Ондай кездері ажырасуды кім бастайды, сол материалдық жауапкершілікті қайтарып, төлейтін болған. Деректерге сүйенсек, әменгерліктің болуы да некенің бұзылуына, жетім-жесірлердің көбеюіне жол бермеген екен. Қазақы ортада

әдет-ғұрыпқа сай ажырасуға себеп болатын жағдайлар көбіне күйеуіне қатысты жағдайдан туындаған:

- Күйеуі қылмыс жасап, ұзақ уақытқа қамалса;
  - Басқа дінді қабылдаса;
  - Ұзақ уақыт (3-4 ай) бойы хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен кезде әйелдің ажырасу талабын қоя алатын құқығы болған.
- Ертедегі қоғамда екі жас екі жаққа кету мәселесі туындағанда ауыл ақсақалдары мен билер де маңызды рөл атқарған. Этнографтардың айтуынша, ажырасуға ниетті бірінші болып билдiрген адам айып төлеген екен. Қазақы түсінік бойынша, әйел кінәсіз болған жағдайда, оның

пайдасына ортақ мал мүлкінен арнайы үлес беретін. Оған қоса әйелдің күнделікті өмірде пайдаланған тұрмыстық заттары қоса берілген. Неке бұзылған кезде кінәсіз деп танылған әйелге тиетін мұндай үлесті «ақымар» деп атаған. «Ақымар» малдай, жылжымайтын мүліктей немесе ақшалай да берілген. Қазіргі таңда неке бұзу АХАЖ және сот органдары арқылы бұзылады.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында Қазақстанда 128,5 мың жұп шаңырақ көтерсе, 17,7 мың отбасы ажырасқан. Бұл туралы ұлттық статистика бюросы мәлім етті. Бұл соңғы жылдары азаматтар арасында неке бұзудың көбейгенін көрсетеді. Кейбірі тұрмыстық жан-жанжалдың зардабынан ажырасуға бел байласа, енді бірі жалған ажырасуда. Өйткені некені бұзу жан басына шаққандағы орташа табыс мөлшерін азайтып, аз қамтылған отбасы мәртебесін ауы үшін қажетті деңгейге дейін төмендетуге жол ашады. Заң жүзінде ажырасқанымен, ата-аналар әдеттегі отбасылық өмірін жалғастыра береді. Бірақ кәмілетке толмаған әр баласы үшін жәрдемақы мен жалғызбақты ана ретінде коммуналдық

қызметтерге субсидия алуға құжаттар тапсырады. Осының салдары сотта неке бұзу істерін көбейтіп, шын мұқтаж жаңдардың көмек алу кезегін тежейді.

Қармақшы аудандық сотында 2022 жыл 131 неке бұзу туралы арыз келіп түскен. 11 соттылығы бойынша жолданса, 83 іске шешім қабылданған, 9 – медиациялық келісімге келген. Бұл өткен жылға қарағанда неке бұзу туралы арыздардың көбейгенін көрсетеді. Некелік одақтың тұрақты болуына мемлекет мүдделік танытты. Сондықтан, соттарға заң арқылы ерлі зайыптыларды татуластыру жөнінде шаралар қарастырылған.

Соттан тыс татуластыру орталықтары ашылып, жұмыстануда. Бұл орталықтан келушілер медиатордың, адвокаттардың, нотариустар мен сот орындаушыларының қызметтерін тегін ала алады. Сонымен қатар Қармақшы ауданының мен ауылдық округтерде де билер кенесі құрылып, жергілікті халықтың тыныштығын бұзатын келенсіздіктерді үшін қызмет жасауда.

**Рахия БИСЕНОВА, Қармақшы аудандық сотының бас маманы**

## БЕЙНЕБАҚЫЛАУ АРҚЫЛЫ ҰРЫ ҰСТАЛДЫ



Қызылордада қоңырау шалуды өтініп, оқиға орнынан қашып кеткен азамат ЖБО бейнебақылаулары арқылы ұсталды. Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Жедел басқару орталығының «102» арнасына 56 жастағы қала тұрғыны хабарлама берген. Белгілі болғандай, 15 шілде күні сағат таңғы 05:00 шамасында қала аумағындағы саябақтардың бірінде тұрғыннан бейтаныс азамат қоңырау шалу үшін «Самсунг J2» ұялы телефонын сұрап алып, оқиға орнынан қашып кеткен. Жедел басқару орталығының бейнекамералары арқылы патрульдік полиция бекеттеріне бағыт – бағдар беріліп, «ізін суытпай» 35 жастағы облыс тұрғыны ұсталды. Ұялы телефон тәркіленіп, заңды иесіне қайтарылды. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191-бабының 1 - бөлігімен (Тонау) сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

Шиелі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің 2023 жылғы «10» шілдедегі №259 бұйрығына қосымша

**2023 жылғы III тоқсанына «Шиелі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысының және бөлім басшысы орынбасарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау жүргізу кестесі**

р/с	Тегі аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Қабылдау мерзімі	Мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
1	Төлегенов Ағыбай Рүстемұлы	Бөлім басшысы	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М. Шоқай №53 №2 бөлме, 4-44-36 Сенім телефоны 4-22-56
2	Бөйділдаев Бақытжан Әлиайдарұлы	Бөлім басшысының орынбасары	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М. Шоқай №53 №9 бөлме, 4-43-43 Сенім телефоны 4-22-56

## ЖАРЫЛҒЫШ МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ

КР ИДМ 30.12.2014 ж. № 343 бұйрығымен бекітілген «Жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдармен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» қағидасына сәйкес:

Жарылғыш материалдарды пайдаланудың жалпы тәртібі және негізгі ережелері.

Осы қағидалар жарылыс жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жарылғыш материалдармен жұмыс істеу тәртібін анықтайды. Жарылғыш материалдарының айналымына қатысатын және пайдаланатын өндіріс үшін кәсіпорын жергілікті жағдайларды ескере отырып, жарылғыш материалдарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету туралы технологиялық регламент, өндірістік бақылау туралы ережесін және аварияларды жою жоспарын әзірлейді.

Жарылыс жұмыстарын жүргізу және жарылғыш материалдарын сақтау кезінде қауіпсіз қашықтықтарды анықтау тәртібі.

Жарылыс жұмыстары өндірісі кезінде адамдарға арналған қауіпсіз қашықтық жобамен немесе паспортпен белгіленеді. Қауіпсіз қашықтық әр түрлі зақымдау факторларының ең жоғарғысына сәйкес қабылданады. Жарылыс жұмыстары кезінде ғимараттар мен құрылыстардың бүлінбеуіне, қалыпты жағдайда жұмыс жасауына, сейсмикалық кері әсерін болдырмауға жарылғыш заттың қажетті мөлшері қабылданады. Жер бетінде бірнеше жарылғыш материалдардың нысандары

(қойма, ашық алаңдар, ЖЗ дайындау және жасау пункті) орналасқанда, олардың арасында нысандардағы жарылғыш материалдармен жұмыс жүргізетін қауіпті объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ара қашықтық сақталады. Қауіпсіз ара-қашықтық осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес анықталады. Адамдарды, ғимараттарды, құрылыстарды талқандау және бұзу әсері бар ауа толқынынан қорғау үшін жарылу қауіпін жерлерді (жарылғыш материалдарды сақтау), қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қашықтық, қауіпті аймақтар осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес белгіленеді. Бұл ретте қауіпсіз қашықтықты жарылыс орындарына, жарылғыш материалдар қоймасына, жарылғыш заттарды сақтау алаңына, бастамашылық құралдар және ату жару аппараттары орнына, жарылғыш материалдар құралдарының тиіп-түсіру, тоқтау орындарына және басқа осындай нысандарға сәйкес анықтайды. Ашық жерлердегі жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіз қашықтық осы Қағиданың 2-қосымшасындағы жарылыс жұмыстарының түрлері мен әдістері кестесінде көрсетілген шамадан кем болмай қабылданады.

**Ерлан МҰРАТУҒЫ, ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырларды және жарылыс жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы**



## Мәдірайым ишан

Ауданға қарасты бұрынғы Ленин атындағы кеншардың маңындағы «Ақтайлак» деген жерде, руы жағынан Бақсайыс кожа Шығарғасұлы Құлмағанбет деген кісі өмір сүреді. Ол кісі 1840 жылы туып, 1911 жылы қайтыс боған.

Құлмағанбет мұсылманша діни оқуды көп оқыған, өте сауатты, адам емдеп, дәрігерлікпен айналысқан, мешіт ұстап, бала оқытқан. Сондықтан, осы төңіректің жұртшылығы арасында өте беделді болып, халық қатты қадірлеген кісі екен. Ол төре руының қызына үйленеді. Сөйтіп, сол әйелінен 1860 жылы ұл баласы болып, оның атын Мәдірайым деп қояды.

Мәдірайым есіні бастағаннан ерекше қабілет танытып, өзінің зеректігімен, ақылдылығымен бүкіл елге, көрші-қоланға белгілі бола бастайды. Баласының осындай қабілетіне сүйсінген әке іштей риза болып, сол кезде-ақ өзінің «Мәдірайым үлкен ишан болады» деп ой түйген. Мәдірайым он жастың шамасында өскенін:

– Көке, оқимын, мені оқығыңызшы, – деп айтумен болады.

Құлмағанбет зерек баласының оқығанын күп көргенімен, қолынан шығаруға қимайды. Бірақ Мәдірайым да ауыл молдасынан арабша сауат ашып, хат танып алғаннан кейін Бұқарадағы медресеге барып, діни оқуды жалғастыруды армандауды қоймайды. Құлмағанбет ақсақал қонақжайлы кісі болғандықтан сол кездегі ескі жолмен жүретін Бұқара-Ресей арасындағы жүргіншілер, әртүрлі саудагерлер оның үйіне қонып, түстеніп кететін болған. Мәдірайым отбасын, әке-шешесін мазалап оқимын, Бұқараға кетемін деп жүргенде жасы он екіге келеді. Енді ол өз арманын жүзеге асыруға бел буа кіреседі. Сөйтіп жүргенде бір күні ауыл арқылы өткен керуенге ілесіп үйінен жасырынып оқу іздеп, Бұқараға қашып кеткен. Жалғыз ұлынан із-түзсіз айырылған Құлмағанбет баласын іздеген жері қалмай ақыры күдер үзіп, оны өлдіге санап қояды. Мәдірайым сол кеткеннен Бұқараға жетіп, өзінің ерекше қабілеттілігін арқасында діни медресеге мұсылманша оқуға түсіп, әртүрлі салада үзбестен он екі жыл оқиды. Сөйтіп, үйімен хабарласпай он екі жыл бойына білім алуға беріле кіріскен жас жігіт оқуды өте жақсы деген бағаммен тәмамдап, мұсылманша мұғалім, дәрігер, жағрафияшы деген шығархат алып, Бұқарада өзімен бірге оқыған балалармен Сыр бойына қайта оралады.

Елден өте жас кеткен Мәдірайым «Ақтайлақтағы» өз ауылын бірден таба алмайды. Ел жағалап келе жатқанда Қараөзектің Сырдариядан бөлініп шығар сағасында отырған ұлы жүздің Жалайыр руының ауылына келеді. Мәдірайым ауылда бір-екі күн аялдап, қонақ болып жүргенде сол елде бір ас өткізіліп соған барады. Ас тартылып жатқанда Мәдірайым сол елдің адамдарымен табактас болады. Дастарқан басында отырған жасы алпыстар шамасындағы бір ақсақал қасындағылардан:

– Мынау қай бала? – деп сұрайды. Мәдірайым өзінің Бұқарадан діни оқу оқып келе жатқанын айтып, ақсақалға жағдайын қысқаша таныстырады.

Дастарқанға төрдегі ақсақал бата беріп:

– Құран оқудың жолын мына жас молдаға беріп көрейік, – деп Мәдірайымды нұсқайды.

Ол тізерлеп отыра қалып, Құран оқи бастайды. Оның Құран оқу мақамы ерекше еді.

Сондықтан дастарқан басындағы қариялар оған қатты риза болады. Енді олар көздерін жас Мәдірайымнан алмай қарап қалады. Сонда ас қайтарған әлгі ақсақал Мәдірайымға:

– Балам, мұнда кел, қалған әңгімені біздің үйге барғасын айтасың, – деп оны өз үйіне ертіп келеді.

Ол кісі ауыл ақсақалдарын шақырып, жас та болса Мәдірайымға мал сойып, қонақасы береді. Сол жерде үй егесі де, ауыл ақсақалдары да Мәдірайыммен жақсылап танысып, оның қайдан шыққанынан хабардар болады. Ерtesіне үй иесі оған:

– Мәдірайымжан, сен еліңе асықта. Мен аманшылық болса, сенің еліңді тауып алуыңа көмектесемін. Сенің ерекше білімдарлығың маған да, ауыл ақсақалдарына да ұнап қалды. Сондықтан біздің елде аялдай тұр. Қаласаң саған арнап мешіт салдырып, өзінді сол мешітке еге етейін. Осында елдің балалары оқысын, сауатын ашсын, – деп қолқа салады.

Бұған Мәдірайым:

– Әке, ойланайын, маған екі-үш күн мұрасат беріңіз, – дейді.

Шын ниетімен үй иесі де, ауыл ақсақалдары да өтінгесін Мәдірайым ақыры осы елде қалып, бала оқытуға келесі. Сөйтіп, ауыл ақсақалдары оны өзіне өкіл бала қылып алады. Бір жыл ішінде бүкіл ел болып жабылып мешіт салып, соған молда болады. Мешітке бала оқытуды, ауылда молда болуды ойдағыдай атқарған Мәдірайым елдің ойынан шығады. Сөйтіп, жас молда өз қызметімен халықтың құрметіне бөленеді. Ол сонымен қатар алдына келген көптеген науқастарды емдеп жазды. Сондықтан мешітке мал жәнжақтан ағылып келіп, одан ақыл-кеңес, дәрідәрмек алып тұрады. Жас емшінің аты жақын жердегі Ақмешіт қаласының тұрғындарына да мәлім болып, оған келушілер көбейе түседі. Оның үстіне, Мәдірайымның бала оқытудағы ыждағатты жұмысы да ел ішінде елеусіз қалмайды. Ол оқытқан балалар тез сауаттанып, бір жылдың ішінде кара танып, кітап оқу дәрежесіне жетеді.

Күндердің бір күнінде ұлынан айырылғанына он екі жыл болды дегенде Құлмағанбет ақсақалдың үйіне алыстан бір жолаушы келіп қонады. Жолаушыдан жөн сұрасып болғаннан соң Құлмағанбет ақсақал оған өз мұңын айтады. Баласынан айырылғанына он екі жыл болғанын есіткенде жөн-жобаны түсінетін жолаушы кісі ақсақалдың бет әліптіне қарап отырып былай дейді:

– Мен осыдан бірнеше күн бұрын Қараөзектің Сырдариядан бөлініп шығатын сағасында отырған бір байдың ауылына қондым. Бай, жомарт, сыйлы кісі екен. Өзінің жиырма төрт, жиырма бестер шамасындағы ұлы бар көрінді. Соған арнап мешіт салдырыпты. Баласы молда болып сол мешітке ауыл балаларын оқытады. Байдың руы Жалайыр болып шықты. Ас ішіліп, түнгі әңгімеге көшкен кезде бай өз сырын ортаға салып, мына мешіттің имам болып жүрген баланы асырап алғанмын. Өзі Бұқарадан оқып келе жатыр екен. Осы ауылдың сонда оқыған бір баласына еріп келіпті. Өзі ауылынан он екі жасында кеткен екен. Туған ауылын таба алмай елден сұрастырып жүргенде маған кездесіп қалды. Сөйтіп, ол өзінің өзгелерден ерекше керемет қасиеті, адамгершілігі және сауаттылығымен мені қатты баурап алды. Мен оған түбі атаңаңды тауып қауыштырайын дедім. Бұған ол келісе кетті. Қазір ол мешітке имам болғанмен өзінің дәрігерлік, мұсылманша дәріс беретін молдалық, әулиешілік қасиеттерімен аты елге кеңінен тарай бастады. Менің бұл балаға арнап мешіт салдыру себебім осы, – деп бай сөзін аяқтады, – деді әңгімесін жолаушы.

Ол Құлмағанбет ақсақалдың көзін алмай біраз ойланып отырып:

– Сол баланың түрі сізден айнымайды, – дегенде жүрегі сезгендей болған Құлмағанбет атамның еріксіз бірнеше рет ұшып түрегелген екен.

Құлмағанбет ақсақалдың көзін алмай біраз ойланып отырып:

– Сол баланың түрі сізден айнымайды, – дегенде жүрегі сезгендей болған Құлмағанбет атамның еріксіз бірнеше рет ұшып түрегелген екен.

Құлмағанбет ақсақалдың көзін алмай біраз ойланып отырып:

– Сол баланың түрі сізден айнымайды, – дегенде жүрегі сезгендей болған Құлмағанбет атамның еріксіз бірнеше рет ұшып түрегелген екен.

Қараөзек өңіріндегі Жалайыр ауылына тартып отырады.

Бұл күз мезгілі болатын. Күн суық. Жүрегі алып ұшқан Құлмағанбет ақсақал аталған бай ауылына таң бозара жеткен екен. Ауылға жақындағанда мешітке таң намазы оқылып жатса керек. Жас ишанның қырағатты дауысы Құлмағанбет ақсақалдың жанын ерекше сезімге бөлейді. Ол жас имамды көргенше асықты. Ауылға қонақ келді деп мешіттің байға хабар берілді. Содан кейін таң намазын оқып болған бай үйіне келіп, қонақтарын қарсы алады. Сусын ішіп, шамалы демалғасын сабырлы бай келген қонақтарынан жөн сұрайды. Құлмағанбет ақсақал байдың бұл сұрағына:

– Байеке, жок іздеп жүрмін. Қармақшы жағындағы төменгі ауылдан келемін, – дейді.

Қонағынан көзін алмай тесіле қарап отырған бай:

– Ақсақал, ол іздеген жоғыңыз табылғаны түр деген кезде Құлмағанбет ақсақал қуанғанынан үй иесін құшақтай алыпты. Сол мезетте бай бір қызметшісіне:

– Бар, Мәдірайымжанды шақырып кел, – дегенде он екі жыл бойы зарығып іздеген баласының атын естіген Құлмағанбет ақсақал есікке тұра ұмтылып барып қайта отырыпты.

Аз уақыттан кейін әкелі-балалы екеуі есіктің босағасында құшақтасып табысқан екен. Әбден баласын сағынысып көрісіп, мауқын басқаннан кейін Құлмағанбет ақсақал байға былай деп сұрақ қойған екен.

– Байеке, сіз менің жоғымның табылғалы тұрғанын қалай сездіңіз? Сонда бай:

– Мен өмірімде сіздердей әкелі-балалы кісілердің мұндай ұқсастығын бірінші көрүім, – дегі.

Сол күні бай бүкіл елін шақырып, Мәдірайымның әкесімен табысқанына арнап той жасапты. Біраз күндерден кейін Құлмағанбет ақсақал еліне қайтқаны болады. Бай үйінің төрінде отырған Құлмағанбет ақсақал еліне қайтқаны болады. Бай үйінің төрінде отырған Құлмағанбет ақсақал еліне қайтқаны болады.

– Әке, мына өкіл әкем мені қияметтік бала қылып алып, мен үшін мешіт салдырды. Мен мешіт табалдырығында жылағып тастап кетпеймін. Сізді де, түсінемін, егер рұқсат етсеңіз енді бір жыл осы өкіл әкеме, бүкіл елді жүртшылығына да қызмет етейін, – дегенде Құлмағанбет ақсақал:

– Жаным, ақылыңнан айналмайын, мақұл, – деп басқа сөзге келместен серіктерін ертіп еліне қайтып кеткен екен.

Содан тура бір жыл өткенде, яғни келесі күзде бай Мәдірайымға енші беріп, қасына қызметшілер қосып «Ақтайлақтағы» әкесіне жеткізіп салыпты. Еліне келгеннен бастап Мәдірайым өз білімін халыққа қалтқысыз қызмет етуге бірыңғай арнайды. Оның атағы енді Сыр бойына белгілі бола бастайды. Сондықтан асқан білімдарлығы үшін ол ишан деген діни атақ алады. Мұндай жоғары атақ одан бұрын Марал, Қалқай ишандарға ғана берілгенін еске алсақ, мұның өзі Мәдірайым ишанның халық арасында қандай абыройға ие болғанын айқын аңғартады. Сөйтіп жүргенде Мәдірайымның туған шешесі ауырып дүние салып, Құлмағанбет ақсақал екінің рет үйленеді. Бұл әйелінен Ахмет, Әбімәлік, Әбжали есімді үш баласы болады. Кіші ұлы Әбжали екі жасқа келгенде Құлмағанбет ақсақал да ауырып, қайтыс болып, «Ақтайлақ» өңіріне жерленеді. Әкесі өлгеннен кейін ел ішінде дінге қарсы ишан, молдаларға қарсы ретсіз сөз сөйлеушілер шыға бастағасын Мәдірайым үш інісін, шешесін және балалары мен әйелін алып Сырдария бойындағы қазіргі «Жаңажол» жеріне көшіп келеді. Сол кезде Сыр бойындағы қазактарға билік жүргізген Елжей ханның баласы Үсен осы төңіректі басқарып отыр екен. Мәдірайым көшіп келеді дегесін Үсен төре оның алдынан шығып, өзінің «Тар түбек» деген дария бойындағы шағын жерін сыйға тартқан екен. Мәдірайым «Ақтайлаққа» барғаннан кейін төре руынан шыққан қызға үйленіп, одан Патыма, Раунақ, Әбділла, Сағат, Сәкен деген балалары дүниеге келген. Сонымен үш жас інілері және өзінің балалары Мәдірайым ишанның тәрбиесінде болып, барлығы бір үйде тұрады. Ишан оларға жақсы тәлім, тәрбие беріп өсіруге барлық күшін жұмсайды. Патыма мен Раунақ бойжеткені сол жердегі төре руына ұзатылады. Қазіргі уақытта олардан тараған немере, шөберелері бар. Ишанның үлкен ұлы Әбілда әкесінің жолын қуып, Бұқарадағы «Көкелташ» медресесін бітіріп келіп, мешітке орналасады. Ол әкесіне көмекші ретінде бала оқытады және тәуіптік кәсіп жасайды. Сөйтіп, мақсұм деген діни атақ алады.

Өміржан ЖУМАДІЛДӨУЛЫ

## АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Әр заманның өз ку кейіпкері болатын даусыз. Соның бірі – ертедегі елдің алғысына бөленген әрбір қазақ білетін ертегі кейіпкері Алдар көсе. Тарихқа көз жүгіртсек, Алдар барша түркі халқына танымал, бүгінге дейін жұрт жалында жатталып келген тұлға. Ол қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, ақылды айлакер, зерделі қудың жиынтық бейнесі. Алдар көсе әрдайым өзінің асқан айлакерлігімен мұратына жетіп отырған. Ел көсені қалай таныса, өмірде де тура сол қалпында болған деседі. Көк жәшіктен көріп жүргеніміздей ол қудығымен, асқан айлакерлігімен елге белгілі. Оның басты мақсаты, өмірлік ұстанымы сараң байларды, пайдакүнем саудагерлерді, өзбір ханды әжуа ету. Құлкіге қалдыру. Реті келсе, алдап қолында барын тартып алу. Өз заманында Алдар көсе талай рет сараң Шықбермес Шығайбайдың асын ішіп, атын мініп, қызын алған. Көптеген алыпсатар саудагерлердің көздеріне өгіздерін алып кететін көрінеді. Оның бұл әрекетін халық құптап, қоптамаса, айыптамайды екен. Өйткені Алдар әділетсіз билік иелерінен қиянат-қорлық көрген қарапайым халықтың өкілі.

Алдар көсе – халықтың еңсесін көтеру үшін дүниеге келген кейіпкерлердің бірі десек артық болмас. Ол халықты рухани аздырмайды. Оған қатысты әңгімелердің сюжеті де күрделі және философиялық маңызы өте зор. Қырғыз қазақ поэзиясында көптеп кездесетін Көсенің бейнесі зерттелмеген тақырып. Оның есімі әр деректерде әрқалай кездеседі.

Алдар көсенің өз туысы, өмірбаяны туралы ешбір дерек жоқ. Себебі Қазан төңкерісіне дейінгі тапқа бөлінген рушылдық, феодалдық, қоғамды алсақ соның қай дәуірі, қай кезеңі болсын барлығында көсе әңгімелерін, оқиға тақырыптары қона кетеді. Оның әңгімелерін сол заманның қайсысынан да табуға болады. Алайда осы күнге дейін кейбір ғалымдар ол туралы деректерді аңыз-әңгімелерден табуға тырысқан. Мәселен, қазақ ауыз әдебиетінде Алдардың ата-анадан туылуы жайлы әңгімелер көп кездеседі. Соның бірі «Қазақ ертегілері» жинағының үшінші томында «Алдардың тууы» атты аңыз-ертегіде Алдардың әкесі Алдан деген момын адам болған дейді.

Аңыз «Алдардың әкесі Алдан момын адам болыпты. Оның өмір бойы кәсібі қой бағу. Баққан қойы байдікі болған» деп басталады екен. Бай Алданды жалдағанда: «Асты жағып ішесің... Бардан ауысады, балдан жұғысады, жүзді айдап, бірді жетелейсің», – деп алдайды. Алдан малын жылдан бағып ақысын сұрағанда «есің кетсе ешкі жайы» деген деп жалғыз ешкі жетектетеді. Алдан ақысын даулап алдына барса, оны хан да алдайды, «шарият қосай» деп қазы да, басы ауырып барса барса да, базарға барса, саудагер де, «көзінді жұмсаң керемет көресің» деп ұра да алдап шыға келеді. Сөйтіп Алдан ешкімен әділдік, теңдік тапмай зарығып, торырып жүргенде өмірге Алдар келеді. Оны әділдеп отырып әкесі:

«Алдаушы арысыз көбейіп, ардан тойдым, қарағым. Әділеттік таба алмай, тандым тойдым қарағым. Арысыз заман азаптап, жаннан тойдым қарағым. Осының барлығына араша болсын деп, атыңды Алдар қойдым, қарағым...» – деп жауыздықтан көрген қорлықын, ызасын баласының бойына ана сүтімен, бесік жырымен бірге сіңіреді. Алдар есі кіріп, тілі шығысымен-ақ әкесіне:

«Ержете ійін, ел аралайын. Алдаушылармен арбасып көрейін!» деп уәде берген де, оны артығымен орындайды. Осыдан кейін «Баяғыда хан Жәнібек тұсында Қожыр деген бір шал болыпты. Қарттың үш баласы болыпты, – деп басталатын «Алдар атануы» дейтін екінші бір аңызға ғалымдар оның қалай Алдар атанғандығын көрсететін мәліметтерге жүгінеді.

Сол шал балаларына «Кәні, қайсың қандай кәсіппен мені асырайсыңдар?» деген екен. Сонда кенже баласы «Ей, ата, мен алдасам, Жын болса арбасам. Жұрт істейтін кәсіп қол, Алдауды бер қаласам» дейді. Сонда қарт:

«Кенжем, сенің қалағаның алдау болса... бұл бір өзгеше кәсіп екен. Сенің де алдынан жарылықасын, Алдар бол! – деп қолын жайып батасын береді.

Алдар көсенің туған, өлген уақыты жөнінде ауызша да, жазбаша да дерек жоқ. Тек қана өмір сүрген ортасын, дәуірін жорамалдайтын жанама мәліметтер көптеп ұшырасады. Ал мына бір дерекке көз жүгіртіп көріңіз. Самарқанд өлкесінде Жәнібек заманында... Рамадан елінде Шумрай атты кісінің отбасында Зали есімді ұлы дүниеге келеді. Баланың

айлакерлігіне барша жұрт таң қалады. Бұл Өзбек ауыз әдебиетінен бүгінге жеткен мәлімет.

«Сол уақыттарда Жиренше шешен атты бір данышпан өмір сүріпті. Ол әрбір сөзі үшін ханнан мың теңге алатын еді. Оның сөзі бір кітап болатын. Бір күні Жиренше ақшаларын қоржынына салып, атқа мініп, жолға шығып бара жатады. Жолда кездесіп Құлдайдың баласына жолығады. Екеуі сөйлесіп, ақырында Жиренше шешен бола тұра баланың сөзіне жауап таба алмай жарылып өледі. Осылайша Жиреншенің аты мен барлық ақшасы балаға қалады. Кейіннен оның аты данқа айналып, бүкіл әлемге тарайды. Осылайша ол ел арасында Алдар көсе», – деген атқа ие болады. Осы пікір қазақ халқының тарихында өмір сүрген Жәнібек ханның заманына тура келеді. Дәл осы кітаптың екінші бір жерінде:

«Патша оның қай қаладан, қай елден келгендігін сұрапты. Байлар: «Өзі өзбек, қазақ елінен болады», – деп жауап беріпті. Одан кейін Қазақ еліне адам жіберіп, іздегізіп, Үргеніш шөлінде Рамадан елінде Алдар көсенің ауылын тауыпты деп айтылған пікірде. Көсенің қазақ арасынан, Рамадан руынан, Кіші жүздің мекендеген жері Үргеніш шөлінен табылғандығы айтылады.

Алдарды түбегейлі зерттеп үлгермеген өзбек ғалымы Коми Имомов «Көсе атымен атакты боған осы бір ертегі кейіпкердің тарихи тұлға немесе ойдан шыққан әдеби образ екендігін анықтап, оның ортаға шыққан жерін табу қиын» деген пікірі арқылы «Көсе өмірде болған кісі ма яки халық өзі ойлап шығарған кейіпкер ме?» деген сұрақты шұбәланьп, сенімсіздікпен жеткізеді. Бірақ Алдар шын өмірде өзіндік орны болған кейіпкер. Сондықтан бүгінге дейін оған көптеген зерттеулер жүргізіліп, бастан өткен оқиғалары баяндалып, жүрген жолдары мен айтқан сөздері жеткізіліп келеді.

Қазақ арасында туылып өскен Алдар көсе бейнесі туысқан өзбек, түрікмен ауыз әдебиеті арқылы ертегідегі Жібек жолымен тілі бөлек, Иран мемлекетіндегі парсы тіліне қосылатын халықтар ауыз әдебиетіне «Алдар», «Көсе», «Аяр», «Шум бала» (Тентек бала) атымен жетіп барғанын көруге болады. Мысалы, «Персидские сказки» де Алдар мен Көсенің аты бір қолданбай жеке-жеке кейіпкер есебінде аталатынын көреміз. Алдар да, Көсе де, Аяр, Қу бала да өзіне тән түрлі-түрлі мазмұн мен пішінді бейнелейді. Бірде өмірден безіп дуана пішінде, кейде ақылды, данышпан, мәртебелі ұлы адам бейнесінде көріне, «Қырық көсе» аңызында сиқырлы, зальым кісі, жағымсыз кейіпкер бейнесінде беріледі.

Алдар туралы өзбек, қырғыз зерттеулерінде оны сүйкімсіз адам кейпінде келтіріп, жағымсыз қылықтарымен ел ішіне сыймағанын көптеп жеткізеді екен. Алайда Алдар көсе халықтың бай мен ханнан, саудагер мен ұрыдан көрген зарын тыңдап, сәйкесінше елді жылатқандарды алдап-арбап, қолындағысын тартып алып, зар қасқатқан. Өзінің тұрмысы аса қатты жақсы болмаса да, жағдайы төмен халыққа қолында барды таратып беретін көрінеді. Сол үшін ел ақсақалдарынан бата алып, барша халықтың алғысына бөленген.

Түптеп келгенде Алдар ешқандай қолдан жасалған кейіпкер немесе ойдан шыққан адам емес. Оған дәлел Ә.Марғұланның Алдар көсе жайындағы әңгімелерінің шыққан тегі қазақ топырағы деген пікірі десек те болады. Ол аз десеніз, Алдар көсенің ерден бері келе жатқан кейіпкер екенін М.Әуезов те айтты: «Алдар көсе жайындағы қазақ айтатын әңгімелер көпке мәлім, көп қызықтаған, аңыз заманнан келе жатқан әңгімелер. Ол жайындағы әңгімелер жалғыз қазақ еліне ғана емес, сыйбайлас, туыстас қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен елдерінде де бар. Онда да Алдар бір пішінді құлдірті, алдағыш, мазақшы болып көрінеді...».

Оны зерттеген көптеген ғалымдар оның өмір сүрген дәуірін анықтауға тырысқан. Тіпті қай рудан шыққан да айтып көрсеткен. Бірақ аңыз-әңгімелер ғылыми дәйек бола алмайтыны анық. Сол себепті бұл жөнінде дәлелді дерек көздерінің болмауына байланысты Алдар көсені тарихи тұлға деп деп басып айту қиын. Дегенмен қазақ халқы жүргізілген зерттеулерге қарамастан оның нақты өмір сүргеніне нанып, тіпті кейінгі ұрпақ осы сенімге илана берері анық.

Дайындаған  
С.ӘЛИУЛЫ

Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, 8 771 693 31 81, 8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор  
Егиншибаева Аянар  
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов

Бас редактор  
Сыдықова  
Жанар  
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPU00030577 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – 19.10.2007 ж

Редакцияның  
мекен-жайы:  
Қызылорда қаласы,  
Байтұрсынов  
көшесі 46/36  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын біл